

ҒТАХР 14.35.09

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А.Т. Абужалитова**

6D011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс докторанты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

email: akbarshyn.abuzhalitova@gmail.com

Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Ж.Н. Сүлейменова

Бәсекеге қабілетті маман дайындауда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жетістіктерге жетуге болады. Студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі қоғам талаптарына сай маңызды мәселенің бірі ретінде танылуда. Студенттің әдістемелік құзыреттілігі оның кәсіби маңызы бар қасиеттерінің біріктірілген көрінісі ретінде берілген. Педагогикалық ЖОО-да оны қалыптастыру және бағалау тиімділігін арттыру жолдары, шарттары көрсетілген. Мақалада жоғары оқу орындарында студенттердің әдістемелік даярлығының негізгі компоненттерінің бірі кәсіби құзыреттілік қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылады.

*Түйін сөздер: құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік, студент, кәсіби даярлық, дағды, білім*

Қоғамда қалыптасқан әлеуметтік жағдайлар мен саяси құрылым қазіргі нарықтық экономика талаптарына сай интеллектуалды деңгейі, білім деңгейі жоғары, білікті де өз ісіне жауапты мамандарды қажет етуде. Қазіргі кезеңде студенттердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстанда жоғары оқу орындарында жаңа мүмкіндіктер мен талаптарды пайдалану жолға қойылған. Осы мақсатқа жету барысында жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі басты қағидаттарды қайта қарау жүзеге асырылуда. Бұл жағдайлар студенттерді оқытуға арналған жаңа мазмұнды әзірлеуді және енгізуді қажет етеді. Жоғары оқу орындарының педагог мамандарының алдына үлкен міндет қойылып отыр. Педагогтар қоғам талабына сай мамандар дайындау үшін тек теориялық білім беріп қана қоймай, білім алушыларға сол алған білімін саналы пайдалана білуді, қойылған міндеттердің күрделілігіне қарай қолдануды, өз іс-әрекетіне қорытынды жасай білуді, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай білуді үйретуі қажет. Яғни білім алушыны оқу орнында алған білім, білік, дағдысын кез-келген жағдайда қолдана білуге қабілетті етіп тәрбиелеу өте маңызды. Жаңартылған білім беру жағдайының негізгі мақсаттарының бірі – сапалы білім беріп, түрлі әрекет барысында алған терең білімі мен кәсіби біліктілігінің арқасында өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, құзыретті маман дайындау.

Отандық оқулықтарда «құзыреттілік» ұғымы туралы профессор Ш.Т.Таубаева болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «мұғалім құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелердің бар екендігін айта келіп, «құзыреттілік» термині, әдетте, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебе иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестігі арқылы сипатталады деп тұжырымдайды [1;136]. Шетел ғалымдарының пікіріне сүйене отырып, ұғым ретінде қалыптасуының үш кезеңін көрсетіп, зерттелуінің төрт бағытын анықтайды. «Құзыреттілік» ұғымының көбіне кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік пен мамандықты меңгеру деңгейі ретінде қарастырылып келетінін айта келіп, құзыреттілік өзінің әлеуетін жүзеге асыру қабілеті мен оған талпынысы; табысты шығармашылық әрекет үшін өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігі мен тәжірибесін іс жүзінде көрсете білу қабілеті; өз әрекетінің нәтижелеріне жеке жауапкершілікпен қарау және оның әлеуметтік мәнін түсіну, оны әр уақытта жетілдіру қажеттілігі деген тұжырым жасайды.

Кәсіби құзыреттілікті Б.Т.Кенжебеков «жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі» деп тұжырымдаған. Яғни студент алға қойылған мақсатына тиімді нәтижеге жетуі үшін теориялық білімін практикамен ұштастырып, бар қабілетін ұтымды пайдалана білуі деп түсіндірген. «Кәсіби құзыреттілік» - жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі деген пікірін білдіреді [2;133].

Студенттердің кәсіби құзыреттілігі туралы Г.Ж.Ниязова «құзыреттілікті» «студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» деп қарастырған [3;121].

Ғ.Әбілқасымова, Д.Е.Әлімбаева «құзыреттілік» деп студенттердің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілетін айтады [4].

Білім берудегі құзыреттілік мәселесі бойынша алғаш мақала жазған Дэвид С. Макклелланд білім сапасын бақылауда құзыреттілікті тексеру қажет деген тұжырым жасаған [5]. Жоғары оқу орындарындағы құзыреттілікке негізделген білім оқыту үдерісіне байланысты зерттеулерден студенттердің білімін бағалауда білімі мен дағдысын, қабілетін бақылау қажет байқаймыз. Нил О'Салливан құзыретті білім беру жүйесіндегі оқытудың негізгі мәселелеріне тоқталып, құзыреттілік өзара байланысты үш компоненттен: білім компоненті, мінез-құлық компоненті, құндылық компонентінен тұрады деп қарастырған [6].

XX ғасырдың соңында «құзыреттілік» ұғымы білім беру жүйесіндегі жаңалықтар нәтижесінде педагогикалық сөздікке енген болатын. Құзыреттілік пен құзырет ұғымдарының ара-жігін ажырату үшін түрлі анықтамаларды салыстырып, жауап беруді жөн көрдік. О.И.Окуловский «құзырет» - белгілі бір салада нақты іс-әрекеттерді білу мен дағдыларды қолдану негізінде және осы қызметті нәтижелі жүзеге асыратын жеке қасиеттердің көрінісі дейді. Ал «құзыреттілік» қалыптасқан құзыреттер негізінде белгілі бір салада кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілеті. Құзыретті маман деп іс-әрекеті, қызметі, мінез-құлқы туындаған мәселеге қатысты өз қабілеттерін тиімді пайдаланатын адамды айтуға болады. Яғни қазіргі заманғы көзқарасқа сәйкес білім беру мазмұнын бағдарында тек білім мен дағдылардың жай жиынтығы ретінде емес, соңғы нәтижеге жетуде тұлғаның білімі мен қабілетін тиімді пайдалана білу ерекшелігі [7;499]. Оқытудың негізгі қағидаты ретінде функционалды-белсенді тәсілді ұсынуға болады. Құзырет және құзыреттілік білім алушыға тікелей немесе жанама әсер етуші факторлардың нәтижесі екенін естен шығармауымыз қажет. Алайда білім беру бағдарламасындағы пәндер, білім беру мазмұны құзыреттілікті қалыптастыра алмауы мүмкін. Білім берудегі жаңа технологиялар, әдістер, топтаса оқыту, оқу ортасы құзырет қалыптастыру үшін тиімді болмауы мүмкін. Университетте білім алушының тек құзыретін ғана бағалауға болады, ал құзыреттілік кәсіби қызметі барысында ғана байқалады.

Педагогика ғылымында құзыретті әлеуеттік құзыреттіліктің базалық компоненті ретінде болашақ маман бойынан табылатын қасиет деп көрсетеді. Сонымен, О.И.Окуловскийдің пайымдауынша, ЖОО-да оқыту процесінің нәтижесінде белгілі бір сала бойынша маманның қалыптасқан құзыреттілігі кәсіби міндеттерді шешу барысында қолданған құзыреттері арқылы жүзеге асырылады. Яғни нақты бір мәселе бойынша нәтижеге қол жеткізу үшін білімін, дағдыларын және жеке қасиеттерін қолдана білу мүмкіндігі құзыреттілік деп түсіндіреді.

Құзыреттілікті белгілі бір саладағы білім мен тәжірибе, сондай-ақ адамның қалыпты және қалыпты емес жағдайларды жұмыс жасай алу мүмкіндігі деп түсіндіреді М.В.Смородинова [8; 324]. Құзыретті тұлға белгілі бір қызмет саласына қажетті білім мен дағдыға ие болғандықтан, ол осы іс-әрекетте ақылға қонымды, тиімді жұмыс істей алады. Студент оқу процесінде игерген ақпаратын тәжірибелік және теориялық әрекеттерде пайдалануға дайын болып, біліктілігін арттырып, белгілі бір іс-әрекетті орындауда машықтана келіп дағды қалыптастырады, өз бойына сіңіреді. Яғни құзыреттілік адам бойындағы алуан түрлі қасиеттер жиынтығы: біліктілік, білім, дағды, тәжірибе.

Құзыреттілік - бұл кәсіби тұлғаның жеке қасиеттері, оның әрекет ету мотивтерін, білімдерін, дағдыларын, қабілеттерін, жауапкершілігін қоса алғанда, алға қойылған мақсатқа нәтижемен жету үшін қалыптасқан, дағдыланған тұлғаның ажырамас сапасы. Студенттің

кәсібилігінің маңызды компоненті – кәсіби біліктілік, яғни кәсіби құзыреттілік. Кәсіби құзыреттілікті – тереңдетілген білім, іс-әрекеттің тиімді орындалуы, іс-әрекетті орындау қабілеті, нәтижелі орындалуы деп те түсіндіруге болады.

«Құзырет жеке адамның белгілі бір қызметті жүзеге асыру үшін түрлі тапсырмаларды шешудегі білім мен дағдыларының жиынтығынан тұратын қабілеті» деп В.И.Байденко анықтама берген. Ал «құзыреттілік» жеке тұлғаның кез-келген әрекет барысында қалыптасқан құзыреттері арқылы өзін-өзі танытуы деп көрсетеді [9;114]. Құзыреттілік білім мен түсіністік (академиялық саланың теориялық білімі, білу және түсіну қабілеті), қалай әрекет ету туралы білімі (практикалық және белгілі бір жағдайларда білімін жедел қолдану қабілеті), қалай болу керектігін білу (құндылықтар анықтаудың ажырамас бөлігі ретінде және әлеуметтік контексте басқалармен бірге өмір сүру). Құзыреттілік сипаттамалардың комбинациясы (білімге қатысты оны қолдану, лауазымдар, дағдылар мен жауапкершіліктер) белгілі бір адамның деңгейін немесе дәрежесін сипаттайды, бұл құзыреттерді жүзеге асыра алады [10;3].

С.А.Воронов «құзырет - қоршаған ортаны өзгерте алатын білім, дағды және қабілеттің жиынтығы, білім нәтижесіне қойылатын талаптар мен нормалар, білім бағдарламасын меңгергеннен кейін білім алушының белсенділігінің өлшенген оқыту нәтижесі, мақсатқа жету үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік беретін сипаттамалардың жиынтығы» деп анықтама береді. «Құзырет» ұғымы тек білім сапасына емес, ептілік пен шеберлікке қатысты. Ол білім де, дағды да емес, бірақ екеуін де қамтиды. Құзырет нақты тапсырманы шешуде әрекет ету қабілеті, әрекет қалыптастыру үшін білімді пайдалана білу [11].

Ресей білім беру жүйесінде құзырет пен құзыреттіліктің И.А.Зимняя құзыреттің негізгі дескрипторларымен «білу», «жасау», «меңгеру», «қабілетті болумен» тығыз байланысты екенін анықтайды. «Құзырет» - бұл алдын-ала таңдап алынған құрылымдық және дидактикалық түрде ұйымдастырылған мазмұнның жиынтығы (педагогикалық түсіндіру); берілгенді меңгерудегі табыстың шарты ретінде зияткерлік, психофизиологиялық қасиеттерді кеңейту нәтижесінде пайда болған бағаланатын мазмұн, оған білім мен дағдыларды енгізу қажет (психологиялық, практикалық анықтамада құзырет қабілет ретінде түсіндіріледі); игерілген және меңгерілген, бірақ өзекті емес психикалық білім беруді білдіретін көп мазмұн, білім мазмұнының имиджі, оларды жүзеге асыру бағдарламалары, тәсілдері және әрекет алгоритмдері (психолінгвистикалық тұрғыдан). Аталған тұжырымдардан кейін құзыреттілікке «заманауи, интеграциялық білімге негізделген интеллектуалды және әлеуметтік-мәдени жағдайға байланысты жеке тұлғалық қасиеті, әртүрлі тапсырмаларды шешу барысында басқа адамдармен өзара әрекеттесуі нәтижесіндегі мінез-құлқы» деп анықтама береді [12]. Құзыреттілікті өзге адамдармен қарым-қатынаста көрінетін білімге негізделген, оқу процесінде пайда болып, дамитын және оның нәтижесі болатын адамның өмірлік интеллектуалды және тұлғалық қасиеті деп түсінеміз.

А.Г.Сергеевтің пайымдауынша, құзыреттілік – жеке тұлғаның қалыптасқан қасиеттерінің жиынтығы. Яғни құзыретті маман – бұл қажетті білімі, тәжірибесі мен қабілеті бар адам, ал құзыреттілік – осы қасиеттерді бойына дарытқан жеке тұлғаның бірі қыры. Құзырет оқу процесінің мақсаты ретінде танылса, құзыреттілік оқу процесінің нәтижесі, маманның жеке қасиеттерінің жиынтығы ретінде түсіндіреді [13].

Құзырет жеке тұлғаның бойындағы бір-бірімен тығыз байланысты қасиеттердің (білім, дағды, іскерлік, әрекет ету қабілеті) жиынтығы болса, құзыреттілік – адамның осы қажетті қасиеттерді белгілі мәселені шешуде пайдалана білу қабілеті. А.В.Хуторской құзырет - бір-бірімен байланысты жеке қасиеттер жиынтығын қамтиды (білімі, дағдылары, әдеттер, жұмыс істеу жолдары), жоғары сапа үшін қажетті объектілер мен процестердің белгілі бір түріне және оларға қатысты жемісті қызмет деп көрсетіп, құзыреттілікке «адамның қызмет мәніне қатысты жеке қарым-қатынасқа сәйкес тиісті құзыретке ие болуы» деген анықтама береді [14]. Сонымен қатар ол құзыреттілікті дидактикалық ұғым ретінде мазмұнын, құрылымын және құрастырылу моделін ұсынған. Жоғарыда айтылған анықтамаларды салыстыра келе құзырет пен құзыреттілік өзара тығыз байланысты екі ұғым екенін түсіндік.

Кәсіби құзыреттілік білім берудің жалпы мазмұнына қатысты негізгі құзыреттерді қамтиды. Оған белгілі бір оқу пәндеріне қатысты нақты тақырыпқа ие және сол пәннің шеңберінде қалыптасатын пәндік құзыреттілік пен пәндерді оқуда және практикада қалыптасатын әдістемелік құзыреттіліктер жатады.

Н.С.Байжұманов құзырет пен құзыреттілік туралы шетелдік және отандық зерттеушілердің пікірлерін салыстыра келіп, екеуінің ара-жігін түсіндіруде екі әдісті бөліп көрсетеді. Бірінші әдісті ұсынушылар құзыреттілікті біліммен өлшенілетін, маманның біліктілігі мен дайындық деңгейі, іскерлікпен көрсетілетін білім мен іскерліктің қосындысы ретінде немесе білім, іскерлік, тәжірибенің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Екінші әдісті ғалымдар құзыреттілікті кәсіби іс-әрекетін табысты жүзеге асыру үшін қажеті жеке тұлғаның қасиеттерімен байланыстырып көрсетеді немесе өзіне білім мен іскерлікті қосатын жеке тұлғалық қасиеттердің, мүмкіндіктердің, біліктіліктің жиынтығы ретінде ұсынады. Зерттеуші екінші әдісті ұстанатынын және кәсіби іс-әрекет барысында жеке тұлғаның белгілі бір қасиетке ие болуы тиімді болар еді деп тұжырым жасайды [15]. Сонымен қатар ғалым құзыреттіліктердің арнайы құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік, психологиялық-педагогикалық құзыреттілік, дифференциалды-психологиялық құзыреттілік, аутопсихологиялық құзыреттілік сияқты түрлерін бөліп көрсетеді.

Сонымен «құзырет» дегеніміз студенттің білуі тиіс немесе бір жұмысты атқаруда практикалық тәжірибедегі білім, іскерлік және білік жиынтығы және қазіргі қоғам талабына сай табысқа жету үшін білім дайындығы. «Құзыреттілік» - студенттің болашақ кәсіби қызметі үшін табысты нәтижеге жету үшін пайдаланылатын тұлғалық қасиеттер жиынтығы. «Құзыреттілік» оқыту үрдісінде, білім мен тәжірибеге негізделген, тиімді, нәтижелі қызмет ету барысында табысты әрекет жасауға бағытталған тұлғаның даму үстіндегі қасиеттері деп түсіндіріледі.

Білім берудің мақсаты мен нәтижесіне сай құзыреттіліктің компоненттері жинақталып, студенттің білім сапасы анықталады. Кәсіби білікті маман дайындау үшін, білім сапасын жоғарылату үшін құзыреттілікті дамыту қажет. Құзыреттілікті дамыту үшін оқу үдерісінде студенттердің практикалық іс-әрекеттерін жүйеленіп, нәтижелері тәжірибеде көрініп, кәсіби іс-әрекетте пайдаланылуындағы мүмкіндіктерді тиімді жүзеге асыру қажет.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке қасиеттерінен құралады. Кәсіби құзыретті студент өзінің педагогикалық іс-әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, әрқашан өзара қарым-қатынасқа дайын, білім алу барысында үнемі тиімді нәтижеге қол жеткізіп отырған білім алушыны атауға болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды, әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды қажет етуде.

Айтылған тұжырымдамаларды қорытындылай келе, құзырет және құзыреттілік бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар екені анық, екеуі де білім беру үдерісінің нәтижесі және жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Құзыреттілік білім беру саласындағы компоненттер тізімі, дискретті білім, дағдылар мен қабілеттердің номенклатурасын білдіретін теориялық құрылыс болса, құзыреттілік педагогикалық қызмет барысындағы адамның субъекті мен объектіге қатысын білдіретін белгілі бір шеңберінде жүзеге асырылатын білім мен дағдының практикадағы көрінісі. Осы белгі арқылы адамның құзыретті (қабілетті) екенін анықтай аламыз. Құзырет пен құзыреттілік арасындағы айырмашылықты түсіну үшін құзыреттіліктің құндылық және мотивациялық компонентіне назар аударуымыз қажет. Оқу үрдісінің нәтижесінде адам әлеуметтік салада, кәсіби ортада өз орнын табуға қабілеттілігін дамытуға тиісті. Яғни жинақталған білімін тәжірибеде іске асыру арқылы адам бойындағы құзыреттерден құзыреттілікті қалыптастырады. Құзыреттілікті қалыптастыруға адам мінез-құлқын анықтайтын бірнеше факторлар әсер етеді: ситуациялық фактор, ынталандыру, қажеттіліктер т.б. Білім алушы құзыреттілікті қалыптастыру кезінде болашақ кәсіби мен әлеуметтік қызметі үшін оның құндылығын, маңызын және қажеттілігін түсінуі маңызды. Яғни бір құзыретке ие (білім мен дағдылар жиынтығы) әр адам белгілі бір қызмет саласында (қызметтің тәжірибесіне байланысты), әлеуметтік, мәдени және жеке ортада құзыреттілігін қалыптастыра алады.

Кәсіби құзыреттілік – бұл кәсіби қызметті түсіну мен жүзеге асыруда білімнің, интеллектуалды және практикалық дағдылардың, әдеттердің қалыптасқан жүйесі. Құзыреттілік білімдік, танымдық және тәжірибелік аспектілердің бірлігін құрайды. Кәсіби құзыреттілікті білім мен белсенділік, тиімділік, тұтастық, тереңдік, келісімділік қырлары арқылы сипаттай аламыз. Студенттің кәсіби және әдістемелік рөлін атқару мүмкіндігін сипаттайтын жеке тұлғалық қасиеті – әдістемелік құзыреттілік. Әдістемелік құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің, соның ішінде педагогикалық құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі ретінде танылып жүр. Тілдік және әдістемелік пәндерді меңгеру барысында қалыптасқан білім мен дағдының педагогикалық практика кезіндегі тәжірибелік іс-әрекетте кәсіби даярлығын әдістемелік құзыреттілік деп

анықтама берілген [15;3]. Педагогикалық қызметтің әдістерін тиімді қолдануға негізделген студенттің білімі, дағдылары мен қабілеттері – әдістемелік құзыреттіліктің негізгі компоненттері.

Кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда студенттердің кәсіби бағытта өзін-өзі дамытуы жоғары оқу орнындағы оқу үдерісіндегі маңызды шарттардың бірі. Күнделікті кездесетін жағдайларда студенттердің өзіндік пікірін ұсына білуі, проблемаларды шешудің түрлі жолдарын таба білуі, күрделі жағдайдан тиімді нұсқасын таңдай білу қабілеті студент бойында дағды қалыптастырады. ЖОО-дағы әдістемелік дайындық пәннің әдіснамасын меңгеруді, оны арнайы зерттеулерде қолдануды, ғылыми зерттеулер әдіснамасын меңгеруді, жүйелік талдауды, әртүрлі өзгерістерге бейімделуді меңгеруді, белгілі бір жағдайдың дамуын болжауды қамтиды. Студенттің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру оқу процесін ұйымдастыруға, соның ішінде сабақ жоспарлаумен ғана шектелмеуі тиіс. Жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігі жоғары ғылыми және мәдени көзқараспен кәсіби ұтқырлықтың үйлесімі арқылы анықталады. Студенттердің әдістемелік құзыреттілігі мәселесі пәнді оқыту әдістемесімен тығыз байланысты.

Әдістеме ғылымы 3 бөлімнен: әдіснама, теория және практикадан тұратыны белгілі. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің бірінші бөлімі пәннің жалпы сипаттамасын және танымның эмпирикалық және теориялық әдістерін, ғылыми зерттеу әдістерін қарастырады. Екінші «Пәнді меңгерудің жалпы теориясы» бөлімінде пәнді оқытудың әдістемелік жүйесінің компоненттері туралы сипатталады. Студенттердің әдістемелік дайындығы білім беру үрдісінде және кәсіби міндеттерді бірлесіп шешуде, іскерлік мінез-құлықты, өзара диалогты, танымды реттеуді қалыптастыруға көмектесетіні анық.

Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда әдістемелік құзыреттіліктің алатын орны ерекше. Әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру үшін курсты оқыту барысында студенттердің әдістемелік даярлығының деңгейін анықтау, олардың қабілеттерін қалыптастырудың жолдарын көрсету, танымдық әрекеттерінің теориялық және әдістемелік принциптерін зерттеу қажет. Қазіргі таңда әдістемелік құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің негізгі бағыттарының бірі ретінде танылып жүр. Құзыреттілік – студенттің болашақ маманның кәсіби деңгейіне қойылатын негізгі міндетті сапасы, қасиеті. Оқу процесінде алған теориялық және практикалық білімдерін мәселені шешуде пайдалана білуі керек. Оқу процесінде филолог-студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үшін студенттердің әдістемелік дағдыларын түрлі оқу әрекеттері арқылы жүзеге асыруды қарастырамыз. Әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру үшін жасалатын әрекеттерді анықтау, зерттеу проблемасы бой көтерді. Студенттердің біліктілік дәрежесінің жоғары деңгейде болуы әдістемелік құзыреттілікке тікелей байланысты. Ұсынылған түрлі әдіс-тәсілдердің ішінен тиімді әдіс-тәсілді таңдап қана қоймай, оны өзінің ғылыми-зерттеу жұмысына пайдалана білуі және әдістемелік оқу әрекетінің мазмұн-мақсатына деген қызығушылығын арттыруы студенттің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру маңыздылығы болып есептеледі. Студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру ЖОО-дағы студенттің өзі таңдаған мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы, педагогикалық, әдістемелік, пәндік білімдерін біріктіру арқылы, оқытушы мен студент арасында шығармашылық байланысы арқылы кәсіби педагогикалық дәрежесін көтеруге болады. Студент күнделікті ақпарат ағымын қабылдап, ой елегінен өткізіп алуы қажет. Оқу мазмұнындағы өзгерістер арқылы студенттердің әдістемелік шығармашылығын дамытуды студенттердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастырудың қажеттігі туындайды. Демек, студент әдістемелік құзыреттілігінің жоғары деңгейінің нәтижесінде түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білуге қабілетті, ғылыми тәжірибелер өткізіп, талдау жасауға, берілген ақпаратты сына тұрғыдан жинақтап, талдауға, әдістемелік жұмысты ұйымдастырып, нәтижесі бойынша баяндама жасауға қабілетті болады.

Әдістемелік құзыреттілік – оқытудың алуан түрлі әдістерін меңгеруі, дидактикалық әдістер мен тәсілдерді білуі және оқыту үрдісінде оларды қолдана білу іскерлігі, оқыту үрдісінде білім мен іскерлікті меңгерудің психологиялық механизмдерін білуді қарастырады. Әдістемелік құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің ең маңызды компоненті екені белгілі. Студенттердің кәсіби-педагогикалық дайындығын зерттей келе әдістемелік даярлық мазмұны туралы ақпарат аз екенін байқадық. Студенттердің әдістемелік даярлығын дұрыс жолға қою нәтижесінде қоғамда бәсекеге қабілетті маман дайындаудың тиімді жолын анықтаймыз. Алдымен, әдістемелік құзыреттілік, әдістемелік шығармашылық және әдістемелік мәдениет деген ұғымдардың анықтамаларына

тоқталамыз. Әдістемелік құзыреттіліктің теориялық және практикалық аспектілерін студенттің жеке (білім, дағды, қабілет) қасиеттерімен байланыстыра қарастырып келеді. Әдістемелік білім, дағды және қабілет жиынтығы - студенттің кәсіби даярлығының нәтижесі болатын әдістемелік құзыреттілікті игерудің негізгі критерийі. Әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру арқылы студенттің білім беру үрдісіне дайын кәсіби даярлығының жоғары екенін дәлелденеді. Студент сабақ жүргізуге, шығармашылық жұмыспен айналысуға дайындығын, әдістемелік мәдениетін қалыптастырады. Жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін жоспарланған нәтижеге қол жеткізу жолында оқытудың лингводидактикалық дискурсын кәсіби түрде қалыптастыру арқылы, басқару (басқару) қасиеттерін көрсету арқылы, өз жұмысын жетілдіруге және студенттердің жұмысына арналған ресурстарды іздестіру арқылы әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыруға болады.

Әдістемелік құзыреттіліктің жеке тұлғалық, іс-әрекеттік, танымдық компоненттерін айтуға болады. Бұл компоненттердің барлығы кәсіби білім мен дағдыдан және оны қажетті кәсіби жағдайда пайдалана білумен тығыз байланысты. Сонымен қатар студент алған білім мен қалыптастырған дағдысын түрлі әдістемелік құжаттарды талдауда, тиімді әдістемені пайдалануда қолдануы қажет. Бұл компоненттер арқылы студент әдістемелік ойлауын, мәдениетін және шығармашылығын дамытады. Әдістемелік ойлау - оқыту процесінде әдістемелік теориялық біліміне сай нақты әдістемелік дағдылары мен білімін пайдалана білу қабілеті. Әдістемелік құзыреттіліктің негізгі құрамына әдістемелік шығармашылық пен әдістемелік ойлау жатады. Әдістемелік құзыреттілікті педагогикалық білім студенттердің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Кәсіби білім беруде әдістемелік құзыреттілікке анықтама беру және оны қалыптастыру маңызды мәселе болып отыр. Ғылыми педагогикалық әдебиеттердегі анықтама бойынша студенттердің әдістемелік құзыреттілігі әдістемелік дағдылардың қалыптасуына және тілдік материалдарды меңгеруіне белгілі бір реттілікті сақтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, әдістемелік құзыреттілік бұл тұлғаның белгілі бір пәндердің шеңберіне қатысты білімі, іскерлігі, дағдысы мен іс-әрекеттерінің өзара байланысқан қасиеттерінің жиынтығын белгілі бір пән шеңберінде тиімді пайдалана білуі. Құзыреттілік білім алушының оқу процесінде алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана білу қабілетін айтамыз. Заман талабына сай жоғары білікті болашақ мамандарға білім беруде әдістемелік құзыреттіліктің өзіндік орны бар. Студенттің әдістемелік құзыреттілігін қалыптасуы мен дамуы оның әдістемелік ойлауы мен білімін пайдалана білу дағдысына байланысты екендігін айтамыз. Жаңартылған білім мазмұнына сай студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру кәсіби құзыреттіліктің маңызды бөлігі ретінде қарастырдық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 136 б.
2. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен практикасы. -Астана: ЕҰУ, 2001. - 133 б.
3. Ниязова Г.Ж. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлығын қалыптастырудың маңызды элементі. Пед.ғыл.канд.дисс. - Алматы, 2008. - 121 б.
4. Әбілқасымова Г., Әлімбаев Е.Д. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары//Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, 2014. <https://articlekz.com/kk/article/15930>.
5. Дэвид С. Макклелланд. Testing for Competence Rather Than for "Intelligence" <https://docplayer.net/119254-Testing-for-competence-rather-than-for-intelligence.html>
6. Нил О'Салливан. Преподавание и обучение в системе компетентного образования. [https://www.researchgate.net/publication/269810124\\_teaching\\_and\\_learning\\_in\\_competency\\_based\\_education](https://www.researchgate.net/publication/269810124_teaching_and_learning_in_competency_based_education)
7. Окуловский О.И. Компетенции и компетентностный подход в обучении. //Молодой ученый. – 2012. №12. С. 499-500.
8. Смородинова М.В. К вопросу о семантике понятия «компетенция» и «компетентность» в педагогической науке. //Молодой ученый. – 2010. - № 6. С.324-326.

9. Байденко В.И. Компетентностный подход к проектированию государственных стандартов высшего профессионального образования (методологические и методические вопросы): Методическое пособие. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2005. -114 с.

10. Байденко В.И. Компетенции в профессиональном образовании (к освоению компетентностного подхода). //Высшее образование России. – 2004. - № 11. С. 3-13.

11. Воронов С.А. Структура и содержание компетенций в области использования информационно-коммуникационных технологии.

<https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-i-soderzhanie-kompetentsiy-v-oblasti-ispolzovaniya-informatsionno-kommunikatsionnyh-tehnologiy>

12. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата современного образования. <http://fgosvo.ru/uploadfiles/npo/20120325214132.pdf>

13. Сергеев А.Г. Компетентность и компетенция в образовании. Монография. <http://e.lib.vlsu.ru/bitstream/123456789/2063/3/00711.pdf>

14. Хуторской А.В., Хуторская Л.Н. Компетентность как дидактическое понятие: содержание, структура и модели конструирования.

[http://www.khutorskoy.ru/books/2008/A.V.Khutorskoy\\_L.N.Khutorskaya\\_Comet.pdf](http://www.khutorskoy.ru/books/2008/A.V.Khutorskoy_L.N.Khutorskaya_Comet.pdf)

15. Байжұманов Н.С. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру ерекшеліктері. <https://articlekz.com/kk/article/16080>

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ В ВУЗЕ

**А.Т. Абужалитова**

Докторант 2 курса специальности 6D011700 «Казахский язык и литература»

Казахский национальный женский педагогический университет

email: [akbarshyn.abuzhalitova@gmail.com](mailto:akbarshyn.abuzhalitova@gmail.com)

Подготовку конкурентоспособных студентов можно достигнуть путем формирования профессиональной компетентности. Проблема формирования профессиональной компетентности студента актуальна в современных условиях образования. Методическая компетентность студента представлена как интегрированное выражение его профессионально значимых качеств. Указаны пути, условия повышения эффективности ее формирования и оценки в педагогическом вузе. В статье рассматриваются основные составляющие методической подготовки студентов в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:** компетентность, методическая компетентность, студент, обучение, навыки, знания

## ACTUAL PROBLEMS OF THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF STUDENTS IN HIGHER EDUCATION INSTITUTION

**A.T. Abuzhalitova**

Doctoral student of the specialty 6D011700 "Kazakh language and literature"

Kazakh National Women's Teacher Training University

email: [akbarshyn.abuzhalitova@gmail.com](mailto:akbarshyn.abuzhalitova@gmail.com)

The training of competitive students can be achieved through the formation of professional competence. The problem of formation of professional competence of the student is relevant in the modern conditions of education. The student's methodological competence is presented as an integrated expression of his professionally significant qualities. The ways, conditions for increasing the efficiency of its formation and evaluation in a pedagogical university are indicated. The article discusses the main components of the methodical training of students in higher education.

**Key words:** competence, methodical competence, student, training, skills, knowledge.

Редакцияға 12.04.2019 түсті.